

Приозерное ауылының жалпы білім беретін мектебінің 2020-2021 оқу жылындағы үйірме жұмысының жылдық есебі

Үйірме сабағының тақырыбы «Атамекен» осы тақырыптық жоспар бойынша жұмыс жүргіздім. Үйірме 5-6 сынып оқушылары арасында жүргізілді. Оқушылармен жұмыс істеу барысында оқушының қабілетіне қарай сабақта тапсырмаларды орындаудағы ерекшелігі мен алғырлығы, оқу мәнері, ізденімпаздылығын бақылап отырдым.

Топпен жұмыс жасай отырып ,оқушылар еркін сөйлеп ,өз ойларын еркін жеткізе білді. Ал үйірмеде балалар берілген дыбыстарға дыбыстық мінездеме бере отырып ,қосымша деректер алып отырды. Топпен және жұппен жұмыс жасай отырып, оқушылар еркін сөйлеп, өз ойларын еркін жеткізе білді. Қосымша тест алып білім деңгейлерін анықтап отырдым. Практикалық сабақтар үлгермей жатқан оқушылармен қосымша тапсырмалар ұйымдастырып отырдым. Үйірмеге тіл шешен , өз беттерімен шығарма жазуға ,өлең шығаруға икемдері бар , шығармадағы көркем бейнелердің ерекшеліктерін сезініп аша білетін оқушылар тартылды.

Сонымен қатар, үйірменің оқу материалына халық ауыз әдебиеті үлгілерін (аңыз-әңгімелері, мақал-мәтел, өлең-жыр, шешендік сөздер) енгіздім . Сабақ мазмұнына сай енгізу баланың алған білімін толықтырып, байытып жан-жақты дамуына үлкен ықпал етеді. Атап айтсақ , кейбір оқушылардың өлең шығаруға қабілеті артқаны байқалды.

Оқушылардың жазған шығармаларын аудан көлемінде «жақсы» деп бағаланды. Жыл бойында үйірмеде жұмыс жасай отырып,оқушылар сатылай кешенді талдау жасауды үйрене бастады. Буындық, дыбыстық талдау жасай алады. Бекітілген жоспар толығымен орындалды.

Үйірме жетекшісі: Шаймерденова С.Л

